"Жуантөбе ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 желтоқсандағы №65/9 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/8 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 8234 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-7-тармағына сәйкес, Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1."Жуантөбе ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №65/9 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8078 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2021 жылы 16 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Жуантөбе ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 53 721 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 556 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 51 165 мың теңге;

2) шығындар – 53 721 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0;

бюджеттік кредиттер - 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0;

қаржы активтерін сатып алу - 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 11,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 11,2 мың теңге;

қарыздар түсімі - 0;

қарыздарды өтеу - 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары - 11,2 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Шиелі аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы *Е. Женсикбаев*

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы *Т. Жағыпбаров*

Шиелі аудандық мәслихатының
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 4/8 шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихатының
2020 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 65/9 шешіміне 1-қосымша

Жуантөбе ауылдық округінің 2021 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	53 721
1			Салықтық түсімдер	2 556
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 556
		1	Мүлікке салынатын салықтар	126
		3	Жер салығы	330
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 100
4			Трансферттер түсімдері	51 165
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	51 165
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	51 165
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	53 721

01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21 227
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21 227
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 227
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 063
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 063
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 063
07			Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық	5 158
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 158
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5 158
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	24 273
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	24 273
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	24 273
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0

			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 11,2
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	11,2
7			Қарыздар түсімі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	11,2
		1	Бюджет қаражатының қалдықтары	11,2
			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	11,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК